

"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясын қаржылық-экономикалық сауықтыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 сәуір N 533

"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясын (бұдан әрі - Авиакомпания) қаржылық-экономикалық сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен:

Авиакомпанияның жарғылық қорынан "Аэропорт г. Алматы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін бөлсін;

Авиакомпанияның жарғылық қорынан "Қазавиастрой" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін бөлсін және оны қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатсын;

Авиакомпания құрамынан Азаматтық авиация академиясын шығарсын және оның ұйымдық-құқықтық нысанын айқындасын;

сыртқы байланыстар арқылы қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізісін.

2. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1030 қаулысымен. P961030_

3. Авиакомпанияны қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу жөніндегі жалпы басшылық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттікке және "Казкоммерцбанк" акционерлік банкіне жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасына Авиакомпанияны басқаруға сенімді басқарушысымен жасасқан контрактіге қол қоюға өкілеттік берілсін.

5. "Казкоммерцбанк" акционерлік банкі үш ай мерзім ішінде Авиакомпанияға "SH & E" компаниясын тарта отырып қаржылық және техникалық аудит жүргізісін. Аудиттің нәтижесін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігі аудит нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Авиакомпанияның кредиторлық және дебиторлық берешектерінің құрылымын өзгерту жөнінде ұсыныстар берсін.

7. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1030 қаулысымен. Р961030_

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Казкомерцбанк" акционерлік банкінің қатысуымен бір апта мерзім ішінде Авиакомпания құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың, жергілікті атқарушы органдардың балансына беруге жататын әлеуметтік сала объектілерінің тізбесін айқындасын және бір ай мерзім ішінде оларды балансқа беруді жүзеге асыратын болсын.

9. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдерімен бірлесіп жер учаскелерін Авиакомпаниялар мен әуежайларға бекіту туралы мәселені шешсін.

10. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Әуе көлігі департаментінің мемлекеттік функциялардың өсуіне байланысты 1996 жылдың 1 маусымынан бастап Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі аппаратының санын 20 адамға көбейтсін.

11. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанынан Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөнінде комитет құру жөнінде ұсыныс енгізісін.

12. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Н.Қ. Есенғаринге жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі